Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

1 тапсырма

а) 1. Ер адамдардың киімдерінде көбінесе геометриялық және зооморфтық оюлар қолданылған.

б) 2. Қазақ оюлары тұрмыстық заттардан бастап, киімге дейін әртүрлі бұйымдарды әшекейлеуде кеңінен қолданылған. Олар тек сәндік үшін емес, сонымен қатар терең мағыналық мәнге ие болған.

в) Түстердің әрқайсысы белгілі бір мағына берген: көк түс – аспанды, ақ түс – бостандықты, қызыл – отты, қара – тұлғалық, сары – ортаңғыны білдірген.

г) Әрбір оюдың өз орны мен қолдану салты болған. Мысалы, қыздардың киімдерінде нәзік гүл тәрізді оюлар қолданылса, ер адамдардың киімдерінде қатаң геометриялық өрнектер болған.

3. Мәтіннің идеясы – қазақ халқының ою-өрнектері тұрмыстық мәдениетінің ажырамас бөлігі екені. Әрбір ою мен түс белгілі бір мағынаға ие, олар ұрпақтан-ұрпаққа ұлттың құндылықтарын жеткізіп отырған.

4. Қазақ ою-өрнектері ғасырлар бойы дамып, ұлттың мәдениетінің бірегей белгісіне айналды. Әрбір өрнек табиғаттан, жануарлардан, өмірдің айналымынан шабыт алып, халықтың дүниетанымын көрсеткен. Бүгінгі таңда ою-өрнектер заманауи дизайнда, сәнде және сәулет өнерінде кеңінен қолданылуда, бұл оның өзектілігін жоғалтпағанын дәлелдейді.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Эссе.

Технология адамдарды оқшауландыра ма?

Қазіргі заман - технологияның дәуірі. Бүгінде смартфондар, әлеуметтік желілер мен интернет адамдардың өмірінде маңызды рөл алады. Дегенмен, осы технологиялар адамдарды жақындастыра ма, әлде бір-бірінен алшақтата ма? Технологиялардың оң әсері айқын:

1) Қашықтықтан байланыс орнату мүмкіндігі. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы алыс қашықтықтағы туыстарымызбен аламыз.

2) Ақпаратқа қолжетімділік. Интернет арқылы кез келген уақытта жаңа білім алып, әртүрлі салалардағы жаңалықтарды білуге болады.

3) Ортақ қызығушылықтар арқылы қауымдастық құру. Онлайн платформаларда бір қызығушылықтар бөлісетін адамдарды табу оңай, бұл кейде нағыз достық қарым-қатынасқа әкеледі.

Дегенмен, технологияның теріс әсерін де ескерген жөн:

1. Тәуелділік пен шынайы қарым-қатынас тапшылығы.
2. Жалған әлеуметтік байланыстар.
3. Денсаулыққа кері әсер.

Технологиялар - бұл тек құрал. Олар адамдарды оқшаулап немесе жақындастыра алады, бәрі олардың қалай қолдануына байланысты. Егер технологияны орынды пайдаланып, шынайы өмірдегі қарым-қатынасты ұмытпасақ, ол бізге тек пайда әкеледі.

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ